



Автор: Хабибуллина Жадыра Дидарқызы

Пән: Геометрия

Сынып: 8-сынып

Бөлім: Жазықтықтағы тікбұрышты координаталар жүйесі

Тақырып: Трапеция, оның түрлері мен қасиеттері.

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	8.1.1.11 трапецияның анықтамасын, түрлерін және қасиеттерін білу;
Сабақтың мақсаты:	- Трапецияның анықтамасын, элементтерін, түрлерін білу; - Трапецияның қасиеттерін берілген есептерді шығаруда қолдану; - Трапецияның түрлерін ажырату
Бағалау критерийлері:	- Трапецияның анықтамасын біледі; - Трапецияның түрлерін және қасиеттерін есеп шығаруда қолданады;
Пәнаралық байланыс:	Өзін-өзі тану, көркем еңбек

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	1) Ұйымдастыру кезеңі. -оқушылармен амандасу; -жоқ оқушыларды белгілеу; -сынып тазалығын қадағалау; «Өрмекші торы» тренингі. Шарты: Оқушыларды ортаға дөңгелете тұрғызу. Басында добы бар жіп пайдаланамыз. Допты қолына алған оқушы кез келген оқушыға тілегін, бүгінгі күнге сәттілігін айтуы керек. Солай барлық оқушылар айналдыра айтып шығады, сонда өрмекші торы пайда болады. Мақсаты: Оқушының қасындағы сыныптастарына жақсы тілектерін айта отырып, көңіл-күйлерін көтеру. 2) Топқа бөлу. «Фигуралар» тәсілі. Шарты: Оқушыларды үш топқа бөлу үшін төртбұрыш, тең бүйірлі және тікбұрышты үшбұрыштарды таңдау арқылы сынып 3 топқа бөлінеді.	
Сабақтың ортасы	Белсенді оқытудың «Зерделеу және зерттеу» әдісі бойынша 1-практикалық жұмыс. Екі қабырғасы параллель, қалған екеуі параллель емес төртбұрышты салыңдар. Оқушылар практикалық жұмысты орындау арқылы трапецияның сызбасын салады. Төртбұрыш, үшбұрыштың түрлері және оның қасиеттеріне шолу. Трапецияның қандай түрлері болу мүмкін? Оқушылар трапеция, тең бүйірлі трапеция және тікбұрышты трапециямен және сызбасымен танысады. I.«Ойлан, жұптас, бөліс» әдісі оқушылар постер жасап, қорғайды. Шарты: - жаңа тақырыппен танысады; - өз ойларын көршілерімен бөліседі; -топта талқылайды. Постер жасап, қорғайды. I- топ Трапецияның анықтамасы мен түрлері II топ Трапецияның қасиеттері III топ Өмірде қолданылатын трапецияға мысалдар келтір. Белсенді оқытудың «Қорытынды шығару және есте сақтау» әдісі арқылы мұғалім қорытынды жасайды II.Сараланған тапсырма. 1)А деңгей. Жеке жұмыс Оқулықпен жұмыс. «Көршіңмен бөліс» әдісі бойынша топта бір-бірін тексереді. Жұптық тапсырмалар: 2) В деңгей. №1. Тікбұрышты трапецияның табандары 10 см және 15 см, бір бұрышы 45°. Трапецияның кіші бүйір қабырғасын табыңдар. №2. Тең бүйірлі трапецияның бір бұрышы 60°, ал табандары 15 см және 49 см. Трапецияның периметрін табыңыз. Оқушылармен бірлесіп дискриптор құру арқылы топта сағат тілі бойынша ауысып, бір-бірін бағалау. Топтық тапсырмалар: 3)С деңгей Егер трапецияның табанындағы бұрыштары тең болса, онда ол теңбүйірлі трапеция екенін дәлелдеңдер. Топта талқылап шығарады. Есептің дұрыс жауабы беріледі. Әр оқушы өз-өзін тексереді.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы	Қалыптастырушы бағалау тапсырмалары: Оқу мақсаты: 8.1.1.11трапецияның анықтамасын, түрлерін және қасиеттерін білу; Ойлау дағдыларының деңгейі: Білу, түсіну, қолдану. Бағалау критерийі: • Трапецияның анықтамасын біледі; • Трапецияның түрлерін және қасиеттерін есеп шығаруда қолданады; 1-тапсырма. Тікбұрышты трапецияның бір бұрышы 1150-қа тең. Трапецияның қалған бұрыштарын табыңыз. Дескриптор -тікбұрышты трапецияның сызбасын салады; - трапецияның қасиеттерін қолданады; -белгісіз бұрыштарды табады; «Бағдаршам» әдісі. 2-тапсырма Егер теңбүйірлі трапецияның қарама-қарсы төбелеріндегі бұрыштарының айырмасы 400 болса, онда оның әрбір бұрышы неге тең? Дескриптор -теңбүйірлі трапецияның сызбасын салады; - тең бүйірлі трапецияның қасиеттерін қолданады; -теңдеулер жүйесін құрады; - теңдеулер жүйесін шешеді Мұғалімнің әр оқушыға кері байланысы. «Қарқын» тәсілімен сабақты қорытындылау, әр топқа 1 минут Шарт: Оқушылар кезек бойынша бір минут ішінде сабақ тақырыбы бойынша тоқтаусыз, қайталаусыз және қатесіз сөйлейді. 1 минутта барлығы тоқтаусыз, дұрыс айтқан топты «Мұғалімнің мадақтауы»	